

#### **4. Оқу орнын жаңадан бітірген тәжірибесі жоқ жас маманға қалай жұмысқа орналасуға болады? Осы сұрақ бойынша қайда жолығу қажет?**

Оқу орнын жаңадан бітірген тәжірибесі жоқ жас маманға жұмыссыз ретінде тіркелгеннен кейін «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы» және «Аймақты дамыту бағдарламасы» шеңберінде ұйымдастырылатын Жастар практикасы ұсынылады.

Жастар практикасы білім беру ұйымдары түлектерінің меңгерген кәсібі (мамандығы) бойынша бастапқы жұмыс тәжірибесін алуы мақсатында түлектер үшін ұйымдастырылады.

Жастар практикасы меңгерген кәсібі (мамандығы) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының, оқуды аяқтаған кейінгі 3 жыл ішіндегі және жиырма тоғыз жастан аспаған түлектері қатарындағы жұмыссыздарға арналған.

Жастар практикасы бойынша жұмыс уақытша сипатқа ие болады. Жастар практикасының ұзақтығы 6 айдан аспайды. Жастар практикасы барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда ұйымдастырылады.

Толық мәлімет алу үшін тұрғылықты мекен жайыңыз бойынша жұмыспен қамту орталығына жолығуыңызға болады.